

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті рұқсат етілген мөлшерін бекіту туралы

Қарағанды облысының әкімдігінің 2021 жылғы 2 қарашадағы № 79/01 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 5 қарашада № 25016 болып тіркелді

"Сауда қызметін реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және "Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мандерін және оларға бөлшек сауда бағаларының шекті рұқсат етілген мөлшерін белгілеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушысының 2015 жылғы 30 наурыздағы № 282 бұйрығымен бекітілген Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мандерін және оларға бөлшек сауда бағаларының шекті рұқсат етілген мөлшерін белгілеу қағидаларына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11245 болып тіркелген) Қарағанды облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті рұқсат етілген мөлшерлері 90 күнтізбелік күнге бекітілсін:

- күнбағыс майы, бір литр – 729 теңге;
- ақ қауданды қырыққабат, бір килограмм – 108 теңге;
- басты пияз, бір килограмм – 108 теңге;
- асханалық сәбіз, бір килограмм – 227 теңге;
- картоп, бір килограмм – 114 теңге;
- ақ қант – құмшекер, бір килограмм – 267 теңге.

2. "Қарағанды облысының кәсіпкерлік басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қарағанды облысы әкімінің орынбасары С.Ж. Шайдаровқа жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қарағанды облысының әкімі

Ж. Қасымбек